

Хасанова С.Б.¹, Махаева А.К.²

1. Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

2. «Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Егемен елімізде жүзеге асырылып жатқан алға қарай даму саясаты қоғамдық өмірімізде барлық жағынан түбегейлі өзгерістер әкелуде. Қазіргі таңда алға қойылып отырған күрделі мәселелердің бірі, жас ұрпаққа білім беруде әлемдік деңгейге жеткізу үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр. Сондай қоғамдағы жан-жақты дамудағы өзгерістердің бірі - 12 жылдық оқыту моделіне көшу.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған ел тығырыққа тірелері анық» дей келе, кадрлар қорын жасақтаудың қажеттілігін айтып өтті. Сонымен қатар бұл мәселенің негізін мектептен басталатынын, сондықтан да 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білімге көшудің керектігін айқын көрсетті.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бірегейі өзектісі-бүкіл әлем жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың жан-жақты дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Бұл мақсатты орындау орта білімнің 12 жылдық мерзімге өтуімен байланысты болып отыр [1, бет.7].

12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты мен күтілетін нәтижелері:

12 жылдық білім берудің методологиялық негіздеріне орай, мектепте білім берудің мазмұндық тарапынан жаңартудың қадамдары мыналар болып табылады:

– мектепте білім берудің мазмұнын қазіргі қоғам қызметінің серпінді құрылымымен сәйкес келтіру;

– оқушылардың өз бетінше білім алуға және оны практикада қолдануға, оқытудың әр түрлі саласында өз мүмкіндіктерін тануға және жақсы қасиеттерін ашуға тәрбиелеу;

– әрбір жас кезеңіндегі негізгі психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастыру төңірегіндегі оқу үрдісін жолға қою;

– оқушыларды танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде тарту, негізгі мотивациялық үрдістерді айқындайтын оқу ахуалдарын кеңінен қолдану.

Қазіргі мектептің білім мазмұнын ізгілендіру мен даралауға айқын бет бұру мынадай міндеттерді жүктейді:

– оқушының жеке тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау;

- оқушылардың белгілі бір білімді таңдауы мен меңгеруін, олардың оқу үрдісі кезінде таңдау мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие үрдісінде ынтымақтастық педагогикасының ізгі қатынастарын орнықтыру;
- білім мазмұнын барынша ізгілендіруді қамтамасыз ету;
- психологиялық білім берудің бастапқы негіздерін қалыптастыру;
- білім мазмұнының инварианттық және вариативтік компоненттерінің арасындағы гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету;
- оқушылардың оқу жүктемесін тұрақтандыру.

12 жылдық мектепте информатика пәнін оқыту ерекшеліктері

Қазіргі заманға қарай мектеп жаңа әлеуметтік тапсырысты орындауға, басқа мақсатты, формалы, сапалы білім беруге бағытталуы қажет. Ойлап қарасақ, барлық әлемдік кеңістіктегі білім беру идеологиясы «бүкіл өміріңнің білімі» принципінен «өмір бойғы білімге» ауысуда. Осы идеологияны ұстана отырып және ішкі резервті пайдалану арқылы, жаңа нарықтық жағдайларға жүйелі бейімдеу механизмдерін жүзеге асыру – бұл біздің міндетіміз болып тұр [2, бет.5].

Информатика пәнінің оқу-әдістемелік кешендеріне сипаттама

Информатика пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен төмендегі құрамда ұсынылады:

1. Оқулық
2. Әдістемелік құрал
3. Дидактикалық материалдар
4. Хрестоматиялар

Информатика оқулығына қойылатын талаптар

Информатика оқулығына қойылатын талаптарды анықтауда жалпы оқулыққа қойылатын талаптар негізге алынады. Оқулыққа қойылатын талаптарды анықтап жүйелеуде оқулық функциялары:

- білім мазмұнын тасымалдаушы;
- мазмұнды меңгеру процесін ұйымдастырушы;
- ақпараттық;
- трансформациялы;
- материалды бекітушілік;
- өзін-өзі бақылау;
- өз бетімен білім алу;
- дамытушы-тәрбиелеуші.

басшылыққа алынып, негізінен ескеретін құжат болды десек те болады.

Информатика пәні оқулығының маңызды ерекшелігі бұл өскелең өмір талабына сәйкестігі болып табылады. Оқулыққа қойылатын талаптар жалпы оқулыққа қойылатын талаптар негізінде төмендегіше іріктелді:

- ұлттық ғылым саясатына сәйкестігі;
- бағдарламаға сәйкестігі;
- мазмұнының ғылыми мәнділігі және нақтылығы;

- әлеуметтік-мәдени құндылығы;
- ұсынылған материалдың тарихилығы;
- оқушылардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі;
- мазмұнының жүйелілігі, бірізділігі;
- сабақтастық принципінің сақталуы;
- компьютерлік программалар пайдаланылуының ескерілуі;
- практикалық тапсырмалардың тақырыпқа сәйкестілігі;
- оқушылардың жалпы оқу біліктерін және дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасауы;
- деңгейлік тапсырмалардың болуы т.с.с.
- Осы талаптарды ескере отырып дайындалған оқулықтың сапасы жоғары болып, оқушылардың білімін арттыруға көмектеседі.

Информатиканы оқыту әдістемесі-әрбір сынып бойынша информатиканы оқып үйренуге арналған оқу-әдістемелік кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Бұл әдістемелік оқу-әдістемелік кешендерді құрайтын басқа құралдарды үйлесімді пайдалануды жүзеге асыру тұрғысынан мұғалімдерге нақты көмек көрсетуді көздейді.

Әрбір сыныпқа арналған әдістемелікте сол сыныптағы информатикадан берілетін білім мазмұны және оны оқып үйретудің өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ сабақ барысында сол ерекшеліктерді жүзеге асыру жолдары қарастырылады.

Әдістемеде информатикадан білім мазмұнының сипаттамасы беріледі.

Оқулық пен құралдарын сабақ барысында тиімді қолдану, экономикалық білімді игерудегі білім, білік, дағдыны қалыптастыру, өзіндік жұмыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру, теориялық материалдарды қайталауға берілген сұрақтарға тиімді жауап беру тәсілдерін көрсету жайында әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстар беріледі. Есептердің шығару үлгілері ұсынылады.

Информатиканы оқыту процесінде пайдаланылатын мультимедиялық үйрету программаларының, электрондық оқулықтарының өскелең өмір талабына сай дайындалып, компьютерді оқыту құралы арқылы пайдалана алатындай деңгейде болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 12 жылдық білім беруге өтудің эксперименттік жұмыстарын ұйымдастыру туралы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің 327 бұйрығы. Астана, 2001 жылдың 10 мамыры // Қазақстан мектебі.-2001.

2. Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы // Қазақстанның Білім және Ғылым Әлемі. -2006.

3. Өтеғали Е «12 жылдық эксперимент сыныптарда информатика пәнін оқыту ерекшеліктері» // 12 жылдық білім беру. -2007.